



№48 (9935)
17 маусым
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



Білім жаңалықтары



ҰБТ-ның аралық қорытындысы жарияланды

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметіне сәйкес, негізгі ҰБТ басталғаннан бері 169 мыңнан астам тест тапсырылған. Оның ішінде талапкерлердің 74 пайызы қазақ тілінде, 26 пайызы орыс тілінде, 0,1 пайызы ағылшын тілінде тестілеуден өткен.

ҰБТ басталғалы шекті балды 77 пайыздан астам талапкер жинаған. Орташа балға келетін болсақ, 69 балды құрады. Ең жоғары балл – 137, оны еліміз бойынша үш талапкер жинаған.

– ҰБТ-ның төртінші аптасы аяқталды. Талапкерлер тестілеудің екінші мүмкіндігін қолданып жатыр. Осы аптада біз IELTS және TOEFL халықаралық сертификаттарын «Ағылшын тілі» бойынша ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласын жарияладық. Сондай-ақ SAT, ACT, IB, A-Level стандартталған тест балдары бекітілді. Осы сертификат иегерлеріне нәтижелерін ҰБТ балына конвертациялауға мүмкіндік береді, – деді ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

Айта кетейік, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқуға түсушілер үшін қолайлы жағдай жасаудың арқасында ҰБТ-ға төрт аптаның ішінде 486 талапкер қатысты.

Бүгінгі таңда 229 талапкер смартфон, шпалгалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан тест тапсыру мүмкіндігінен айырылды. Тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан 175 адам шығарылып, олардың нәтижелері жойылды. Бөгде тұлғалар анықталған жоқ.

Министрліктің мәліметінше, 2023 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 31 қазанына дейін тестілеудің бейнежазбаларына талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану немесе ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда түсушінің ҰБТ нәтижелері жойылады.

«ЖЖ» ақпарат

БАСПАӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу өлі де жалғасуда.
Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбейсіз.

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Бағасы
65460	Сыр бойы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15460	Сыр бойы (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65461	Қызылординские вести (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3500 тг
15461	Қызылординские вести (мекеме үшін)	6 ай	4500 тг
65425	Ақмешіт жастары (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2000 тг
65463	Ақмешіт апталығы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15463	Ақмешіт апталығы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65019	Жалағаш жаршысы (жеке жазылушылар үшін)	6 ай	2500 тг
15019	Жалағаш жаршысы (мекеме үшін)	6 ай	3500 тг
65878	Халық (мекеме мен жеке жазылушылар үшін)	6 ай	3000 тг

**СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА
ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!**

Тілсіз жау тұсауланды

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев Абай облысына арнайы барып, өртке оранған орманды көріп, өзінің жеке қарауына алғанын бұған дейін жаздық. Президент Үкіметті сынга алып, облыс әкіміне қатаң сөгіс те жариялады. Өрттен зардап шеккен азаматтармен де жеке кездесіп, жағдайды дереу реттеуге сөз берді. Бүгінде елді есеңгіреткен тілсіз жау тұсалды ма? Өртпен күрескен бейбіт күннің батырларының отбасына қандай жәрдем көрсетілмек? Иә, қайғыға ортақтасып, өрттің өшуіне тілектес болған халықтың осы және өзге де сұрақтарға жауап іздейтіні рас.

Апта басында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Абай облысындағы ірі табиғи өртті жою және одан зардап шеккен отбасыларға қажетті қолдау шараларын көрсету мәселелері жөнінде жедел кеңес өткізді. Үкімет басшысы жауапты мамандарға 10 күн ішінде оқиғаның барлық мән-жайын анықтап, тиісті қорытынды шығаруды тапсырды. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановтың мәліметінше, 11 маусым күні жел екпіні секундына 18 метрге дейін жетіп, өрт негізгі ошақтан оңтүстік бағытта таралған. Атап айтқанда, Талица ауылына қарай қалың түтін жүріп, орманның төменгі жағы өртенген. Елді мекенді қорғау үшін өрт сөндіру техникасы жедел іске қосылып, нәтижесінде тілсіз жау ауыздықталған. Осының арқасында негізгі ошақ іс жүзінде тұсалды.

Негізгі ошақ тұсалғанымен ауқымды өрт бес күн ішінде толықтай өшірілуі мүмкін. Жауапты министрлік мамандарының айтуынша, қазіргі таңда өртті сөндіруге арналған су шашатын құрылысы бар 33 тікшақ жұмыс істеуде. Олардың 16-сы өртті сөндірсек, қалғаны іздеу және барлау жұмыстарына қолданылады.

Иә, тілсіз жаудың салдарынан тұтастай аймақ зардап шекті. Өрт 60 мың гектарды шарпыды, өкінішке орай «Семей орманы» резерватының 14

қыметкері және тағы бір адам қайтыс болды. Әрине зардап шеккен және қайтыс болған азаматтардың отбасына мемлекет қолдан келгенше көмек көрсетуге дайын. Мәселен, Мемлекет басшысының жедел штаб отырысында берген тапсырмаларын орындау үшін қаза тапқандардың отбасыларына «Қазақстан халқына» қорынан 7 млн теңгедей сондай-ақ көмелетке толмаған әр балаға 2 млн теңгеден төленетін болады. Сонымен қатар 40-тан астам қазақстандық ЖОО өрттен зардап шеккен отбасылардың студенттеріне гранттар мен жатақханадан орын беруге дайын. Оған қоса ақылы негізде оқитын студенттер мен магистранттарды грантқа ауыстыру көзделген.

Бүгінде Абай облысына гуманитарлық көмек, азық-түлік пен қажетті заттар еліміздің әр аймағынан мол мөлшерде жеткізіліп жатыр. Мысалы, 30 мың литрден астам ауыз су, 2 тоннадан астам ет және 44 тонна ұң мақарон, күнбағыс майы, консервілер мен шұжықтар, сүт, шай, кондитерлік өнімдер сияқты азық-түліктер келген. Сондай-ақ қажетті тауарлар гигиена құралдары, бір реттік ыдыс-аяқ, шұлық, қолғап және футболкалармен қамтылған.

Жалпы, өртті сөндіруге Төтенше жағдайлар министрлігінің, Орман шаруашылығы комитетінің, Қорғаныс минис-



трлігінен 1 800-ден астам адам, 350-ге жуық техника жұмылдырылған. Өртті сөндіру жұмыстары басталғалы бері өрт ошақтарына өуеден 2100 рет, жалпы көлемі 6000 тоннаға жуық су төгілген.

Қуанышты жаңалық, 14 маусымда Абай ауданындағы өрттің локализациясы белгілі болды. Бірақ толық жойылғанға дейін локализацияланған ошақтарға су төгу, өрттің шетін топырақпен толтыру жүргізіле береді. Жедел штабтың мәліметінше, елді мекендерге қауіп төніп тұрған жоқ.

Иә, бұл қасіретті де халық болып, ел болып өткерерміз. Бірақ өрттің салдарынан табиғатқа тиген зиянды сөзбен айтып жеткізе алмаймыз. Тұтастай орманымыз, ондағы қаншама жасыл-желек, аң-құс зиян көрді. Сондықтан бүгінгі басымыздан өткен тілсіз жаудың зұлматынан алдағы уақытта

сабақ алуымыз және жүйелі шаралар қабылдауымыз қажет. Осы орайда Мәжіліс депутаттары осындай пікір білдіріп, жағдайды түзеуге қатысты Үкіметке сауал жолдап та үлгерді. Яғни онда өздерінің ұсыныстарын да қоса көрсеткен. Олар өртті жоғары дәлдікпен анықтайтын заманауи технологияларды қолдану аясын кеңейту қажет деп санайды. Тиісті қызметтерді фото және бейне түсіру мүмкіндіктері бар дрондармен жабдықтау туралы да айтылған. Орман шаруашылықтарының материалдық-техникалық базасын нығайтуда өте маңызды болып отыр. Сондай-ақ құтқарушылар санының аздығы да сынга алынды.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Өңір өнімі



Тәттілер пісірудің шебері

Жуырда әріптестерімен бірге Т.Жүргенов ауылына барып қайттық. Мақсат – ауылдың тыныс-тіршілігімен танысу, жас кәсіпкерлермен жүздесу. Ауылда қайтарымсыз грант алып, кәсібін дөңгелентіп отырған жастардың қатары көп. Олардың бірі – Меруерт Құдайберді. «Әйел бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді» демекші, Меруерттің жан-жақтылығына сүйсіндік. Үй шаруасы, келіндік қызметі, бала күтімімен қоса кейіпкеріміз кондитерлік кәсібін де үлгертіп отыр. Меруертпен азын-аулақ әңгімелесіп, кәсібінің қыр-сырына қанық болдық.

Жалпы, біз табан тіреген үйдің ауласына енгеннен қазақылықтың иісі аңқып тұрды. Керегесі кеңінен керілген шаңырағы биік, сән-салтанатымен көзге еріксіз түсетін киіз үй біздің назарымызды аударған еді. Ал кәсіп иесі Меруерт өткен жылы қайтарымсыз грант алып, бүгінде кәсібінің нәсібін көріп отыр. Арнайы бағдарламаның аясында арманын іске асырып, кондитерлік саладағы білімін пайдасына жаратуда. 1 млн 200 мыңнан аса қайтарымсыз қаржыға ие болған келіншек қажетті құрал-жабдықтарын толықтай түгендеп алыпты.

– Қазір бәрі жақсы, бәрі дайын. Мен бір әулеттің келіні, екі баланың анасымын. Өркез ізденіп, ойымдағы кәсіпті ашуды, оның көкжиегін кеңейтуді ойладым. Ол үшін алдыма мақсат қойдым, өзіме не қажеттігін және немен айналысым келетінін анықтап алдым. Осындай нақты жоспарлар құрылған соң, ісім алға баса бастады. Алғашында болашақтағы кәсіпімді

қалай бастаймын, қалай дамытамын және оның пайдасы жөнінде көп ойландым. Қайтарымсыз грантқа ие болған кезде алдын ала жоспарланған істерімді лезде бастап кеттім. Қазір кішігірім кондитерлік кәсіпім жұмыс істеп тұр. Мен кәсіпім аясында өзімнің тәжірибемді жетілдіре түстім дей аламын. Бұған дейін де тәттілер пісіруде өзімнің қабілетім, тәжірибем де болды. Астана қаласындағы ауқымды кондитерлік өнімдер ұсынатын жерде жұмыс істедім. Осында тұрмысқа шыққан соң да бұл қолымнан келіп тұрған қабілетімнен қол үзіп қалғым келмеді.

Үй шаруасымен, баланың күтімімен және келіндік міндеттерімен шектеліп қалатын болсам, армандарым жүзеге аспас еді. Тәуекел еттім, өнем де, жолдасым да мені қолдады, қолымнан келетініне сенді. Осылайша мемлекет ұсынған мүмкіндікті құр жібермей, кәсіпімді бастаған жайым бар. Енді мұнымен тоқтап қалуды ойламаймын, мүмкіндік болып жатса,

облыс орталығынан болса, ауылдан болсын кафетерий ашуды мақсат етіп отырмайын, – деген кәсіп иесі алдағы уақытта бұл істі де қолға алып, сұранысқа қарай кәсібінің ауқымын кеңейтуді көздейді.

Иә, қазіргі таңда кәсіптің сан алуан түрі бар. Әр адам өзінің қабілет-қарымына қарай бейімделіп, сүйікті кәсібін дөңгелентіп отыр. Әсіресе жастар қауымы. «Жас келсе, іске» демекші, кейіпкеріміз де ойында жүрген арманына біртабан жақындауды ойлап, алдына мақсат қойып, жаны қалаған әрі пайдалы жұмысты бір арнаға тоғыстырған жан.

Ол ерте жасынан бастап асханаға жақын болғанын айтады. Отбасында асүй тірлігіне қолғабыс ете жүріп, түрлі тәттілерді пісіруді де, тамақ дайындауды да, дастарқан жасауды да жақсы меңгерген. Меруерттің кондитерлік өнімдерінің қатарынан түрлі торттарды, бөліш пен тәттілерді, самса, пицца және нан өнімдерін де таба аласыз. Тәтті тортқа тапсырыс

берген адам үшін бірінші сыртқы бөздендірілуі, екінші тіл үйірер дәмі маңызды. Ал көздің жауын алардай әдемі әрі дәмі аузыңнан кетпейтін тортты дайындау кезеңі бірінші қамырының құрамын, мөлшерін дәл есептеп салу, екінші күлшелерін пісіріп алу, үшінші тортты жинап сәндеуден тұрады. Осы үш кезеңнен соң тортты жинап, әдемілеуге көшеді.

Бүгінде жас кәсіпкердің тәттілеріне сұраныс та баршылық. Ауыл көлемін айтпағанда, Меруерттің өнімдеріне көрші ауылдардан, тіпті облыс орталығынан тапсырыс түсіп жатады. Бастысы, халыққа сұраныс бар, кәсіпкерде ынта-жігер бар, тек кәсіпті кеңейту жұмыстары күтіп тұр.

Айта кетейік, тың идеясы мен нақты мақсатқа құрылған бизнес жобасын ұсынғандар үшін мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грант түрлерінің берері көп. Тек кәсіп бастаймын деген ниет пен бағдарламаның тиімді тетігін таба білсе болғаны. Ауданда, ауылдық жерлерде осындай жан-жақты адамдардың кәсіпке бетбұруы бізді қуантады. Бір жағынан жұмыссыздық саны азаяды, екінші жағынан өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлік саласының дамуына серпін болмақ. Бастысы, халыққа сапалы әрі тиімді қызмет көрсете білгені. Ал жас та болса үлкен істі дөңгелентіп отырған Меруерттің ісіне береке берсін дейміз.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

Баспасөз-туры

Шағын кәсіпкерлік ширады

Сейсенбі күні тілшілік тіршілікпен ауылдық елді мекендерге жолға шықтық. Бұған дейін іс бастаймын деген жұмыссыз азаматтарға мемлекет қайтарымсыз қаржы үлестірген, қуантарлығы, бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасуда. Мақсат ауыл тұрғындары бұл мүмкіндікті қалай пайдалануда, бағдарламаның елді мекендер халқының тұрмысын түзеуге пайдасы қалай, бөлінген қаражат мақсатты игеріліп жатыр ма, осы сауалдардың түйінін тарқату еді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Иә, аудандағы Жұмыспен қамту орталығы мен редакция жұмысының бірлесе ұйымдастырған баспасөз-турының бар мақсаты осы. Бес елді мекенге жасаған сапарымыз алдымен Аққыр ауылынан басталды. Шалғайдағы жергілікті тұрғындар кәсіп ашуға ынталы, былтыр да Аққырда бірнеше азамат мемлекеттік грант алуға өз құжаттарын тапсырып, оның біршамасы қаржылай қолдауға ие болған. Кешегі сапарда мемлекеттік бағдарламаның ауыл тұрғындары игілігін көріп отырғанын бағамдадық.

Соңғы комиссия отырысында аққырлық бірнеше азамат өз жобаларын ұсынып, кәсіп бастауды жөн деп тапқан. Алайда олардың жобаларында көткен қателіктің салдарынан бірде-біреуі қаржылай қолдау таппаған. Комиссия мүшелері жоба авторларына көткен қателік жайында толыққанды түсіндіріп, алдағы уақытта оны түзеуге мүмкіндік берді. Бұйырса, аққырлықтардың жұмыс жобалары қаржылай қолдауға ие болып қалуы ғажап емес. Бастысы, комиссия мүшелері көрсеткен қателіктер қалпына келсе дейміз.

Жалпы, ауылда мал шаруашылығы қарқынды дамыған. Десе де қайтарымсыз қаражат, пайыздық үстемақсы төмен несиелер алып, саланы түрлендіріп жатқан тұрғындар да жоқ емес. Ауыл әкімі Жаңабек Матаев алдағы уақытта бұл бағытта бірнеше жоба жүзеге асатынын айтты. Бастысы, қаржылай қолдау болса жеткілікті.

Кәсіпкерлік саласының дамуы кімге болса да тиімді, әрине. Мемлекеттің түрлі бағдарламалар арқылы іс бастаймын деген азаматтарға мейлінше қолдау көрсетіп жатқаны да сондықтан. Бұрын ауылдарға қарағанда орталық жұрты құжатқа қатты қарап, бірінші болып қаржылай қолдауға ие болса, бүгінде ауыл тұрғындары да қарап қалып жатқан жоқ. Мейлінше мемлекет жасаған барлық мүмкіндікті құр жібергісі келмейді.

Жаңаталап жұрты да бүгінде кәсіппен айналысудың пайдасын жақсы түсінген. Ауыл халқы таптануын жоба демеу, мал шаруашылығы бағытында іс бастауға машықтанған. Бастысы, мақсат айқын болуы керек, сонда ғана көз келген жобаның жемісін көруге болады. Бұған ауылдағы Ұлданай Қорғанбек-қызының қолға алған жобасы дәлел.

Ұлданайдың бүгінгі кәсібі негізінен көпке үлгі. Мүмкіндігі шектеулі азаматша қорадағы мал басын көбейтуді мақсат етіп, ағарған өнімдерін сатуға қолға алды. Бұл жоба қолдау тауып, кейіпкеріміз қайтарымсыз 1 млн 225 мың теңгеден астам қаражатқа қол жеткізген. Тісті қаражатқа былтыр ауыл тұрғыны 3 бұзаулы сиыр мен 1 баспақ алған. Қазіргі таңда оған ата-анасы қолғабыс етіп отыр. Нәтижесінде кәсіпкер өз өнімдерімен аудан жұртынан бөлек қызылордалықтарды да қамтамасыз етіп отыр.

Мемлекет қолдауының жемісін көріп отырмын, сондықтан алыстан басқа айттарым жоқ. Маған ата-анам қолғабыс етіп отыр. Қызылорда қаласына өз өнімдерімді сатып жатырмын. Сарымай, қатық, құрт, ірімшік ауылда арзан, себебі елдің басым бөлігі төрт түлікті түлетіп отыр, бірақ сұраныс жоқ емес. Десе де көбісі қарызға алғысы келеді, ал облыс орталығында нақты ақшаға және қымбат бағаға сатып алады. Тұрақты тұтынушыларым жетерлік, тіпті қалада бір-бірінен естіп, басқалар да тапсырыс беріп жатады. Алайда оның барлығын қамтамасыз ету үшін әлі де ірі қара басын көбейту қажет. Сондықтан алдағы уақытта осыған басымдық беремін. Ауыл әкімі пайыздық үстемақсы төмен несиелер барын айтты. Енді соған талаптанамын. Бастысы, пайда бар, тек еңбек ету керек, – дейді Ұлданай.

Былыр қайтарымсыз қаражатқа ие болғандар қатарында Айкерім Шыныбек те бар. Жаңаталаптық кәсіпкер бұған дейін де өз үйінен кондитерлік өнімдер әзірлеп, тұтынушылар талғамына сай жұмыс жасапты. Кейін ол арнайы шағын цех ашып, ресми түрде кәсіпкер болуға бел буады.

Жаңаталаптық қарындасымыздың мұндай шешім қабылдайтындай реті бар. Себебі уақыт өткен сайын оның өнімдеріне тапсырыс еселенген. Алайда оның барлығын қамтамасыз етуге қажетті құрал-жабдықтар, арнайы заманауи аппараттар қажет. Оны алатын қиырау қаражат қарапайым үй шаруасында жүрген ауыл келінінде қайдан болсын, десе де елдің кеңесімен қайтарымсыз қаражат алуға жоба дайындап, оны қорғауға бел буады.

Былыр оның жобасы қаржылай қолдауға лайық деп танылды. Тісті қаражатқа кейіпкеріміз кондитерлік өнімдер әзірлеуге қажетті құрал-жабдықтар алған. Тіпті үйдің бір бөл-

месін арнайы цех есебінде ашып қойған. Біз барғанда ондағы мұздатқыш іші түрлі торттар мен басқа да тәттілерге толы екен. Мұның бәрін Айкерім тапсырыс арқылы жасағанын айтады. Демек, кондитерлік өнімдерге ауылда сұраныс мол деген сөз. Кәсіптің бұл түріне оның білек сыбана кіріскені де сондықтан.

– Ауылда кәсіпті түрлендіру керек, неге десеңіз, өз ауылымнан ғана көзім жеткен күнделікті жағдайды айтайын, мәселен, Жаңаталапта ет, сүт өнімдерінен басқасын тұрғындар облыс және аудан орталығынан алып келеді. Неге күнделікті тұтынатын басқа да өнімдерді өзіміз өндіреміз? Осы сауалдың жауабын іздеу арқылы мен кәсіпке қадам бастым. Мемлекет қолдады, оны өз мүмкіндігіме пайдаландым. Қарап отырсаңыз, шалғай ауылда кондитерлік өнімдерге сұраныс болмайтын сияқты. Бірақ не нәрсенің де ішіне кіріп, терең үңілу керек, ол үшін тағы да тәуекел еткен жөн. Ауылда мұндай тәттілер сататын дүкендер бар, бірақ олар бұл өнімдерді сырттан әкеледі. Мен өз цехымды ашқалы ол дүкендер кондитерлік өнімдер сатуды доғарды. Неге, себебі сұраныс берушінің өнімі өз уақытында дайындалады, ал дүкендегі тәттілердің сіз қай уақытта әзірленгенін білмейсіз ғой. Құдайы ас, той-томалақтарда көптеп тапсырыс түседі. Бұрын мұндай тапсырыстардан бас тартатыным, бірақ қазір қамтамасыз етіп жатырмын. Себебі қазір менде барлық құрал-жабдықтар, заманауи аппараттардың барлығы бар. Оған мемлекет қолдауының арқасында қол жеткізді, – дейді кәсіпкер.

Кейіпкеріміз алдағы уақытта өз ауылынан арнайы ғимарат салып, жұмыс орнын сонда көшірмек, тіпті арнайы тәттілер сататын дүкен ашу да жоспарда бар екен.

Ауыл әкімі Қуаныш Әбдіқалықов елді мекен халқының кәсіп ашуға ынталы екенін айтады. Сондай-ақ ол ауылдағы саланың дамуын да сонымен байланыстырады.

– Елдің ортасында жүргеннен кейін кімнің қай жұмысқа бейім ері ұқпты екенін жақсы білеміз. Соған сай еркіндігіне кәсіп ашуға кеңес береміз. Оған мемлекеттен жан-жақты қолдау барын түсіндіріп, құжат дайындауға да қолғабыс қыламыз. Жаңа сіздер жұмысымен танысқан қос қарындасымыз да бүгінде кәсіпін дөңгелетіп отыр. Сұраныс мол, бірі өз өнімдерін облыс орталығына дейін нарыққа шығарса, енді бірінші тәттілері ауылда өтіп кетеді. Тәттілерді сырттан сатып алғаннан өзімізде өндірген тиімді ғой, айтқан ақылымызды алған қарындастарымыз бүгінде жұмысының жемісін көріп отыр. Алдағы уақытта да қайтарымсыз қаражатқа қол жеткізіп, өлі де саланы дамыту бағытында ауылдан бірнеше жоба ұсынылады, – дейді ауыл әкімі.

Күекеңнің сөзінің жаны бар, шынында ауыл тұрғындары кәсіпкерлікке бет бұрғаннан зиян көріп отырған жоқ, керісінше кірісін еселеп отыр. Айкерімнің дайындаған тәттілері ауылдан ұзамай өтіп кетеді, ал Ұлданай өз өнімдерін көбіне облыс орталығына жөнелтеді. Сұраныс та жоғары, бір жағынан қала жұрты ағарған өнімдерін ауылдан қымбат бағаға сатып алатын көрінеді. Өнімнің сапалы болса, әрине жұмыссыз қарқынды жүреді, бір жағынан тұтынушыларының да көңілі тоқ болады.

Жаңаталаптағы кәсіпкерліктің дамуы хақында және алдағы жоспарлар жөнінде ауыл әкімімен бір-екі ауыз тілдескеннен кейін жолға шықтық. Бағытымыз – Мақпалдық ауылдық округі, мемлекет және қоғам қайраткері атындағы ауылда да тұрғындар кәсіп ашуға ынталы екен. Оған мемлекеттен қайтарымсыз қаражат алып, бүгінде кәсіпін дөңгелетіп отырған жергілікті тұрғындар жұмысынан көз жеткізді.

Жалпы, Темірбек Жүргенов ауылында кәсіп түрленген, елді мекен жұрты жалпай мал шаруашылығымен айналыспайды, әрине төрт түлікті түлетіп отырған азаматтар да жоқ емес. Бірақ бұл ауылда шаштараз, кондитерлік цех, компьютер орталығы, бәрі-бәрі елдің қажетіне жарап тұр.

Бүгінде елді мекенде 90-ға жуық кәсіпорын бар. Тіркіелген кәсіпкерлік субъектісінің қазіргі таңда 99 пайызы жұмыс жасап тұр. Былыр екі ауыл тұрғыны кәсіп бастауды қолға алды. Алайда оларға шаруашы ширатуға қолдағы азғантай қаражат қолбайлау болған. Осылайша екеуі де мемлекеттік грантқа өтінім тапсырып, оны қорғауға бел буалты. Нәтижесінде комиссия мүшелері мақпалкөлдтіктердің қос жобасын қаржылай қолдауға лайық деп тапқан. Қазіргі таңда екеуі де ауыл халқына сапалы қызмет етуде. Оның бірі Гүлша Мырзалиеваның шаштаразы



болса, келесісі – Гүлжан Төкештің компьютер орталығы.

Гүлжан мен Гүлша ауылдық елді мекендерде егін және мал шаруашылығы саласынан өзге де кәсіпорындар өніміне сұраныс жоғары екенін жұмысымен дәлелдеп отыр. Кешегі сапарымызда олардың жұмысымен де арнайы таныстық. Тіпті Гүлжан Төкеш алдағы уақытта кәсіпорының көкжиегін кеңейтуді жоспарлап отыр. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде пайыздық үстемақсы төмен несиеге қол жеткізе, алға қойған мақсаттары жүзеге асатынына сенеді.

– Ауылда компьютерлік орталық қызметіне жүгінетіндер баршылық. Біз әзірлейтін тауарлар тұтынушыларының басым бөлігі – ұстаздар. Біз мұнда құжаттарды көшірмеден өткізуден бөлек көрнекілік құралдарын, балалардың ой-ерісін дамытатын ойыншықтар, түрлі бұйымдар да жасаймыз. Көбіне тұтынушылардан үлкен билбордтарға сұраныс жиі түседі. Оны жасайтын меңде арнайы алып аппараттар жоқ. Сондықтан алдағы уақытта ауылдан типография ашуды көздеп отырмын. Көршілес Мырзабай, Мәдениет, Жаңаталап, Аққыр ауылдарынан да көптеп сұраныс түсіп жатыр. Сондықтан «ауылда типография өніміне сұраныс жоқ» деп бір-жақты қарауға болмайды. Ондай орталық өніміне сұраныстың көп екенін жұмыс жасап жатқан өзім жақсы білеміз, – дейді ол.

Жалпы, жергілікті тұрғындар кәсіп ашуда мемлекет жасап жатқан барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып отыр. Кәсіпкерлік саласына серпін беруге бағытталған қандай бағдарлама бар, басым бөлігіне ауыл тұрғындары құжат тапсырып, кәсіпін ширатуады.

Биылдың өзінде мақпалдық үй азамат грантқа құжат тапсырып, қайтарымсыз қаржыға ие болған. Олардың еркіндігіне 1 млн 380 мың теңгеден қаражат үлестірілген. Жобасы қаржылай қолдауға ие болған Мәдет Қызбалаев пен Руслан Ермаханов 8 бас жылқы алып, жылқы шаруашылығын ширатып отыр. Ал Гүлша Мырзалиева шаштараз ашып, елді мекен халқына сапалы қызмет етуде.

– Ауылда жем-шөптен мәселе жоқ, сондықтан мал шаруашылығында бақ сынауды жөн көрдім. Кешегі комиссия отырысында жобам қаржылай қолдауға ие болды. Тісті қаражатқа 4 бас жылқы алдым. Алдымен олардың санында өсім қалыптастырсам деймін, кейін ет және сүт бағытында тұтынушыларыма өнімдер ұсынуға қолға аламын. Алдағы уақытта пайыздық үстемақсы төмен несиелер алып, өлі де мал басын көбейту жоспарда бар. Әсіресе ауылдық елді мекендерде саланың серпін алғаны тиімді ғой, бір жағынан өңірдің кірісі артса, келесі кезекте тұрғындардың тұрмыс сапасы жақсарарды. Сондықтан жалақыға қарап отыруға болмайды. Мемлекет мүмкіндік қарастырғанда оны құр жібермей кәсіп ашу керек, – дейді Мәдет Қызбалаев.

Ауыл тұрғыны Меруерт Құдайберді де былтыр арнайы жоба дайындап, кәсіп ашу мақсатында қаржылай қолдауға ие болған. Қазіргі таңда ол кондитерлік цех ашып, өз өнімдерімен тұтынушыларын қамтамасыз етіп отыр. Құдайы ас, той-томалақтарда берілетін арнайы тапсырыстан бөлек, жай күндері де кәсіпорындары тәттілер өтімді екен. Біз барғанда ауыл тұрғындары кезекпен тапсырыс беріп кетті.

– Жаңағы апай – Аққыр ауылының тұрғыны. Жақында жолдасының 50 жылдық мерейтойын жасам. Екі төрт пен басқа да тәттілерге тапсырыс беріп отыр. Алдағы аптаның сөбісіне сол өнімдерді дайындау қажет. Өздеріңіз көріп отырғандай, басқа да елді мекендерден тапсырыс түсіп тұрды. Ауыл оның алдындағы – осы ауылдың тұрғыны, осы сенбіге бір тортқа тапсырыс беріп кетті.

Олардың барлығын дайындауға мүмкіндік бар. Бұған дейін мұндай тапсырыстардан бас тартатыным. Себебі оның барлығын әзірлеуге арнайы аппараттар, басқа да құрал-жабдықтар қажет. Былыр қайтарымсыз қаражат арқылы оның барлығына қол жеткіздім. Өздеріңіз көріп отырғандай, қазір жұмысым жақсы жүріп жатыр, – дейді кондитерлік цехтың иесі.

Иә, біз Меруерттің жұмысы нағыз қызған шақта барыпты. Көңгі облыс, аудан орталықтарындағы үлкен цехтай, алдында тұтынушылары кезекпен тұр. Осылай Меруерт секілді барлық адам үлестірілген қаражатты өз мақсатына пайдаланса, кәсіпкерлік саласында серпін де қалыптасады, бір жағынан түрленеді.

Келесі бағытымыз – Мырзабай ахун ауылы, бұл елді мекенде де мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып, кәсіпін жүргізіп отырған азаматтар жетерлік. Әсіресе ауылда қымыз, саумал өндірісі бір ізге түскен. Тіпті үш үйдің бірі бие байлап, кәсіп қылып отыр десек, артық айтқанымыз болмас. Былыр 1 млн 225 мың теңгеден астам қайтарымсыз қаражатқа ие болған ауыл тұрғыны Айгул Омарова да бүгінде екі бие байлап, елді мекен халқына саумал қымыз ұсынып отыр. Бұған дейін оның өзімен кәсібі жайында сұхбат құрсақ, бұл жолы өзіміздің тұтынушыларын өңімізге тарттық.

– Табиғи ауылдың таза өніміне не жетсіз, кәсіпкер бие байлаған уақытта жіберіп алмауға тырысамыз. Саумалды тал-балысын ішіп жүрміз. Қымызды да тапсырыспен осылардан аламыз. Қазір екі аптадан асты, бір мезгіл саумал ішкелі денсаулығымызда айтарлықтай өзгеріс бары өзімізге байқалады. Жалпы, ауылда бие байлап отырғандар көп, бірақ солардың біреуінің қымызы немесе саумалы өтпей қалып жатқан жоқ. Демек ауылда сұраныс бар деген сөз, міне, осы мүмкіндікті олар құр жібергісі келмейді, кәсіпкердің жұмысы алға басқанына қуанамыз, алайда шыны керек, таза өніммен бізді қамтамасыз еткен бәрінен тиімді болып отыр, – дейді Мырзабай ахун ауылының тұрғыны Н.Мейрамбек.

Ауыл тұрғыны Айнаш Басықараева да былтыр 1 млн 225 мың теңгеге 2 құлынды бие сатып алып, кәсіптің бұл түрін қолға алған болатын. Қазіргі таңда ол қымыз, саумалмен ауыл халқын қамтамасыз етіп отыр. Күніне биелерін 4 рет сауатын Айнаш апай да мал басын көбейтіп, кәсібінің көкжиегін кеңейтуді жоспарлап отыр. Өзірге оны жүзеге асыратын қолында қомақты қаражат жоқ.

– Қазір жем-шөп қымбат, ауылда бір жоңышқа пресіндінің өзі – 1000 теңге. Бірінші орым арзан сатылу керек еді, демек екінші жоңышқа бастап оның құны өлі де жоғарылайды деген сөз. Бірақ саумал қымыз сатқаннан пайда бар, ол үшін еңбек ету керек. Жылқы санында өсім қалыптастыру да жоспарда жоқ емес, кешегі «Ауыл аманаты» деген бағдарламаға құжат тапсырып көргенбіз. 2,5 пайызбен берілетін несиесі тиімді, алайда оған келіпте қоятын мүлкіміз жоқ. Өз қаражатымыз да жеткілісіз. Сондықтан алдағы уақытта қорадағы малды бордақылап сатып, оған қайта жылқы алу арқылы басын көбейтуді жоспарлап отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Мырзабай ахунда 82 кәсіпорын бар. Оның бүгінде 80-і жұмыс жасап тұр. Демек ауылда тоқтап тұрған кәсіпорындарды қайта іске қосуға қарқын қатты.

Жергілікті тұрғындар кәсіпке бейім екен. Әсіресе мұндағы халықтың бұл мақсатқа жасалған көз келген мүмкіндікті құр жібермейтіні қуантады. Былырдың өзінде 6 ауыл тұрғыны пайыздық үстемақсы төмен несиеге қол жеткізіп, мал шаруашылығында кәсіпін ширатқан. Оларға мемлекет тара-

пынан жалпы құны 20 млн 862 мың теңге үлестіріліпті.

Мұнан бөлек тағы 6 азамат грант жеңіп алған. Олардың әрқайсысы 1 млн 225 мың теңге қайтарымсыз қаржылай қолдауға ие болған.

Ауыл әкімдігіндегі бас маман Роза Жолманованың сөзіне сенсек, кәсіпке ауыл халқы тарапынан қызығушылық басым. Бір жағынан өкімдік қызметкерлері мейлінше түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырады. Нәтижесінде Мырзабай ахунда мемлекеттік бағдарламалармен кәсіп бастаған азаматтар санында өсім қалыптасқан. Бұны бас маман елдің ынтысы мен оларды сүйемелдеу жұмыстарымен байланыстырады. Быыл да кәсіп ашып, жұмыс бастауға талап қылғандар көп. Тіпті алды қаржылай қолдауға ие болған.

Мәдениет ауылында да мемлекеттік гранттың игілігін көріп отырғандар жетерлік. Солардың бірі – Абай Қыстаубайұлы. Ол былтыр мал басын көбейту және бордақылап сату мақсатында арнайы жоба әзірлеген. Комиссия мүшелері оның жобасын қаржылай қолдауға лайық деп тапқан. Тісті қаражатқа бірнеше бас жылқы алған ауыл тұрғыны әлі күнге дейін жылқы бордақылап сатумен айналысып келеді.

Өбекен қазіргі таңда малды бордақылап жлікке де сатады, тірілей де нарыққа шығарып отыр. Ауылда күрші алқалтары болған соң ба, оған жем-шөптен айтарлықтай мәселе жоқ сияқты. Қазірдің өзінде ол қорадағы мал басында біршама өсім қалыптастырған. Нақты мақсатқа жұмыс жасайтын адамның ісі осындай болса керек.


– Бір жылқыны 80-90 күн бағамыз, төрт түліктің ішінде жылқының бабы қатты екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Тіпті кейбірін 3 ай бағатын кездер болады. Қоңын келтіріп те нарыққа шығаруға болады ғой, бірақ оны алған адамда ертен реніш болмауы керек. Себебі ол кейін сенің тұтынушыңның азына сен болуы мүмкін. Міне, сондықтан мейлінше тұтынушылардың талғамына сай етіп бағамыз. Қазір жылқы орнын жылқы толтыруда, мәселен, мен үш бас жылқы бордақылап сатсам, түскен қаражатқа 4, кейде 5 бас тай-құнан аламыз, содан кейін оларды далада ұстап, кейін қорада бордақылап, қайта нарыққа шығарамыз, мал басын осылай көбейтіп жатқан жағдайым бар, – дейді кәсіпкер.

Тағы бір ауыл тұрғыны былтыр осы қайтарымсыз қаражаттың арқасында ауылда кондитерлік цех ашқан болатын. Ақмошақ Төлеген бүгінде арнайы дүкен ашып, өз өнімдерін нарыққа шығарып отыр.

Жұмыспен қамту орталығының маманы Руслан Әубәкіров былтыр аудан бойынша 300 азаматтың жобасы қайтарымсыз қаражатпен қолдау тапқанын айтады. Оның 254-і мал шаруашылығына бағытталған. Ал 13 адам кондитерлік цех ашса, былтыр мұнан бөлек 3 сүлүлік салоны, 6 шағын тіпін цехы, 1 компьютерлік орталық, 3 көлік жөндеу орталығы, 1 пластик терезе шығаратын цех, наубайхана, кілем жуу орталығы, шаштараз және басқа да кәсіпорындар жұмысын бастаған.

– Өз мақсатына жұмсаса, 1 млн теңгеден астам қаражатпен шағын кәсіпті бастауға болады. Өздеріңіз жаңа олардың бір-қатарымен таныстыңыздар. Қаражатты алып, кәсіп ашпағандар да жоқ емес, оларды қайтаруға біз жұмыс жасап жатырмыз. Себебі мемлекеттің қаражаты нақты мақсатқа бағытталуы керек, сонда ғана елдің өлеуеті түзеледі, бос жаңа жұмыс орындары пайда болады, – дейді орталық маманы.

Сөзінің жаны бар, расында қаражат нақты мақсатқа жұмсалыуы керек, мемлекет кәсіп бастауға жағдайды жасады оны құр жібермейтіні игілігін көру керек. Бұл тұста біз жұмысымен танысқан кәсіпкерлер басқаларға үлгі.



Тарих

Сәрке батыр

Еншімізге егемендік тигелі сан тарапқа даңғыл жол ашылып, кем-кетіктің түгелделгені белгілі. Соның ішінде түрлі мүдделердің орайына сай түрленген қазақ даласындағы шайқастар жайы қайта қарауды қажет ететін олқылықтың бірі еді. Себебі көптеген оқиғаларда қақтығыстың өткен орны, соғыс нәтижесі, хронологиялық шеңбері, кейіпкерлердің нақтылы есім-соы секілді сұрақтар ашық қалатын. Тәуелсіздік алған шақта ойы-мұратымызды бүкпесіз жеткізіп, шындықты ашық айтуға мүмкіндік туып, мұрағаттағы ақпараттар жарыққа шыққаны жағы бар. Міне, осындай артықшылықтар батырлар жолын зерттеуде жылдар бойы бөгет болған кедергілерді бір сәтте еңсерді. Тұлғалар мәліметі молайып, тың мағлұматтар аясы кеңіді. Жалағаш өңірінің баһадүрі Өмірқұл баласы Сәрке батыр туралы ақпарат да соңғы уақытта көп жарияланған мәлімет қатарында. Отандық ғалымдар мен қаламгерлер ізденген халық қаһарманының өмір бедері уақыт өткен сайын жаңа қырынан ашылып, тың оқиғалармен толығып келеді.

17-18 ғасырлардағы Ұлт азаттық қозғалысы қолбасшыларының бірі болған Өмірқұл Сәрке батырдың есімі қазаққа жақын таныс екені анық. Әкесі Өмірқұл кіші жүздің жетіруіндегі табының Есенбай аталығынан шыққан дәулетті бай болған екен. XVII ғасырдың 90 жылдарында қазіргі Ташкент қаласының төңірегінде жаз жайлауда отыратын Өмірқұл байға мыңғырған мал қоныпты деседі. Ел арасында Өмірқұл байдың жылқысының көптігі аңызға айналыпты. Шыршық өзені бойын мекендеген сәтінде өзеннің төменгі ағысындағы жұрт аяқ астынан өзен суы сарқылып қалса, Өмірқұл батырдың малы суға құлаған екен деп түсінетін болған екен дейді.

Тіпті, бір деректерде, Өмірқұл байдың сансыз жылқысынан Әз Тәуке ханның әскеріне ат әзірлейтін айтылады. Ол да оңай шаруа емесі анық. Жылқыны тай күнінен тасқа байлап, әбден өзін әскери әдіске, мініске үйреткен кейін «бестісінде» ханның арнайы өкілдері арнайы таңба салып, сыннан өткенін сатып алып отырған көрінеді. Содан бір күні Өмірқұл бай хан ордасына бармаққа бекіп, даярлық жүргізіпті. Төрт түлік малдан кенестегі билерге сыбаға даярлап, саба-саба қымызын жібереді екен. Ақырында Өмірқұл бай түрлі сипат алып, Ордада аттанады. Ордадағы Пир Мүсірәлі сый-сияпатты қабылдап, халыққа теңдей бөліп бергеннен кейін Өмірқұл байдың бұйымтайын сұрапты. Сонда Өмірқұл бай рыздық-несібе беруші Аллаға разы екенін жеткізе, өзінен туған балалары малға ие болғанымен, қол бастайтын батыр ұлдың керектігін айтты. Сол сәтте Мүсірәлі өулие Аллаға сыйынып: «Сәркедей ұл берді, ел бастайтын, Қарқарадай қыз берді, көш бастайтын. Аллаға разы бол» деп бетін сипапты дейді. Сөзден кейін «Алла қосса, келер жылдары балалы боларсың, ұлдың атын Сәрке, қыздың атын Қарқара атарсың. Алланың ризалығымен Сәркеге бересің» деп қолына «жасыл» туды ұстатыпты.

Аталған оқиғаны Шоңбай Жұбанұлының шежіресінде былай тарқатады:

– Өтеуден туған екен Өмірқұл бай, Асулы ет қазанында, қайнаулы шай. Қарке, Қалман менен құлшық туып, Сәркені үшеуінен көріпті жай. Былайғы үш баласы момын болып, Әркімдер бір билепті олжасындай. Осыны Өмірқұл бай азар көріп, Сопыны мазалаған барып қоймай. Келеден бұра, жылқыдан айғыр алып, Тірілей дізіп барған бірін соймай, Тілепті осы болса депті Пірі, Қыз бердім қол бастайтын Қарқарадай.

Ұл бердім ел бастайтын Сәрке деген, Кідірмей қайт депті енді мазамды алмай.

Сол Сәрке батыр болды жұртқа мәлім,

Талайдың кетірген ол суға салын. Қалмақпен Қоқан менен Қарақалпақ

Күйзелтіп олжа етіп алған малын. Қалмақпен қарсыласып неше жылдай,

Айдапты алған екен жан мен барын. Әз-сопы Мүсірәлі бергеннен соң, Дұшпанға тарттырыпты қайғы-зарын, — деп көркем бейнелепті.

Сол сапардан Өмірқұл бай көңілді оралып, өулие Мүсірәлі айтқандай, көп ұзамай әйелі қыз туып, қыздың атын Қарқара, анан соң ұл босанып, атын Сәрке атапты. Өмірқұл бай баласы Сәрке мен қызы Қарқараға қазақи тәрбие беріп, Бұхара мен Үргеніштен оқымысты кісілер алдырып оқытқан екен. Балалар да ақылды, зерек, оқымысты болып өседі.

Бай балаларды түрлі өнерге, дағдыға машықтандырып, баулиды. Тіпті қаз тұрып жүргеннен бастап ат арқасына айылдап таңып, ашамайға отырғызады. Уақыт өте өкпеу де ат құлағында ойнайтын нағыз шабан-доздар болыпты.

Күндердің күнінде Өмірқұл бай Алаштың ең қадірменді ақсақал-

қолбасшылары қарт Текей батыр мен Әз Тәуке ханның жасынан тәрбиеші болған «Аталық» Бидас батырды қонаққа шақырған екен. Өмірқұл бай Текей мен Бидасты бірнеше күн аялдатып, қонақтарға ауыл балаларының өнер-білімдерін көрсетіп, көңіл сергітеді. Әсіресе, Текей, Бидас ақсақалдар Сәрке мен Қарқара қыздың өнер-білімдерін қызыға тамсаныпты. Екі баланың келешегіне үміт артып, артында Ордадағы әскери мектепке алдырады.

Мұнда да атақты қолбасшылар соғыс айла-тәсілін үйретсе, ғылым, сопылық ілімнің қыр-сырын ұқтыратын оқымыстылар да дәріс беретін көрінеді. Мектеп қабырғасында тәлім алған Өмірқұл, Абылай, Бекенбай, Есет, Сәрке, Есенгелді, Бөйтен, Сәлтеке, Тайлак, Майдан, Рысымбет, Қабай, Кеңе, Жәнібек, Қожаберген, Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, секілді қолбасшылар мол тәжірибе жинаған деседі. Бұл мектепті алғаш ұйымдастырушы әз Тәуке ханның тәрбиешісі, Бидас «Аталық» болатын.

Осылайша, мектепті бітіріп, сардар дәрежесін алған Сәрке мен Қарқара қыз соғыс өнерінің қыр-сырын толық меңгереді. Тіпті, кей деректерде Қарқара қыз талай шайқастарға қатысып, қол бастаған деген де ақпарат бар. Қайсар қыз кейін өздерімен қыз алысатын Табын руынан шыққан жігітке ұзатылып, Барақ, Асау атты қазақ батырларын дүниеге әкелген.

Енді бірде Сәркеге еңшілес «жасыл» туралы мына бір қызық ақпаратты саралаған жөн секілді. Жасынан ақылды болып бой жеткен Қарқара қыз 17-ге келгенде «Қарақойлы» табында Сатыпалды дейтін бай Өмірқұл байға құда түсіп, Қарқараны алады. Онда Қарқара ұзатылып алды еркіліктен Мүсірәлі өулиенің Сәркеге арнап берген жасыл туын жасау ішіне салып өзімен алып кетеді.

Сәрке болса бұл жайдан хабарсыз жүре беріпті. Күн өткен сайын күші артқан бозбала қатарластарымен ойнаса, мертіктіретін қуатқа ие болған екен. Сондай кестердің бірінде, мертіккен баланың шешесі баласына ара түсіп, Сәркеге:


— Босқа алысып, қағынғанша, ана Қарқараның жасауымен кеткен туыңды барып алмайсың ба? — депті ашынып.

Содан мәселенің мән-жайына қаныққан Сәрке жасыл туды іздеп, Сыр өлінен Ақтөбегегі апасы Қарқараның ауылына аттанады. Сағынысып табысқан бауырының шаңырағында біраз уақыт болып, кейіннен Қарқараға Сәрке Мүсірәлі өулие берген жасыл туды алып кетуге келгенін айтады. Сол сәтте өпкесі інісіне қасиетті туды табыстаған көрінеді.

Қазақ тарихындағы қаралы жыл саналатын «Ақтабан шұбырынды» кезеңін Сәрке батыр бастан-аяқ өткерді десе де болады. 1720-1730 жылдар шамасында қалмақ бектері Жоржын мен Тайшы бастаған 35 мыңдық қалмақ қолы шегінген қазақ қолын өкшелеп, қазіргі Жезқазған өңіріндегі Білеуті, Буланты өзендерінен өтіп, Қарақұмның «Ұлы құмындағы» жықпыл-жықпыл құмына таяды.

Бұл жау қолын құмға енгізуді жоспарлаған Өмірқұл ханның құрған тұзағы еді. Себебі «Ұлы құмда» еркін кескілесуге қолайсыз аймақ болғанымен құнды-тұғын. Тау болып үйілген құмдар қалмақтардың амалын құртып, мұндай жағдайды шайқасуға дайын емесін көрсетеді. Мұндай ахуалды тиімді пайдаланған Өмірқұл хан кеңес жүргізе отырып пайдалы әдіс қолданады.

Сонда Өмірқұл хан Сәрке батырмен оңашада баһадүрге қол астындағы кіші жүз жетіру қазақтарынан құралған жеті мың әскерімен тосқауылда қалуын бұйырады. Хан «Сәрке батыр, мына қалың қалмақты он екі күн осы жерден жылжытпайсың. Құдай қалап, амандықта болсам, мен де жетермін» депті. Сонда



Сәрке: «Хаң, он екі күнің ұзақ қой, біздің жаназамамызды шығарып кет» деп уәж айтыпты. Сол жерде Хан Өмірқұл осы жердегі молдаға жеті мың адамның жаназасын тірлей шығартады.

Сәрке күрең жүзді, күрең көзді, күрең қызыл шашты, сом-сом денелі шырғайлы жігіт болды. Қорқуды білмейтін, жеке-дара ер болатын. Өмірқұл хан Табын Бөкенбай батыр мен Тама Есет батырды кеңесші ағалыққа даярлады. Елубасылар қара Кете Ұлтай мен Кеңегі жуз адамымен, Қаратамыр Есенғұлды елу адамымен, Кішкене Шекті Киікбайды елу адамымен, Алтын Сәлтекені екі жүз адамымен, Табын Бөкенбай батырдың жанпейіл қорғаушысы етіп қалдырады. Қалған әскерімен Өмірқұл хан Арқадан ауып, Қарақұмның қойнына кірген, одан әрі Жанадәрия, Сыр бойына еніп кеткен. Аралдың қолтық-қолтығындағы қазақ жұртының артынан ат шаптырып, кеудесінде жаны бар қазақ маған жетсін дейді. Нұрадағы Алтықұдық, Қыземшек, Бәйбіше тауының етегіне түгідеді. Осы жерде отырып, әскер жып қанды соғысқа дайындық жүргізді.

Көнекөз қарттардың айтуынша, Сәрке батыр өзі тосқауылда қалған «Шилі» деген жерде қалмақтың сілесін қатырып, қаша ұрысқа салған екен. Оларды құмға обықтырып, артынан орағыта тиіп, бірден көп әскерге жұмсауға мүмкіндігі жоқ төбеге тығып, сілесін қатырыпты. Сонда барып Жоржын мен Тайшы көп әскерге жолықтық деп құмға кіріп, араңдап қалғандарын бір-ақ сөзеді. Ендігі амал ретінде қалмақтар әскерін Буланты, Білеуті өзендеріне қарай бұруға қам жасапты. Сол сәтте Сәрке батырдың әскербасы батырлары қалмақтың алдын орап, еркін шегінуіне мүмкіндік бермей, дамылсыз он екі күн соғыс өткізеді. Қалмақ ғана емес, қазақ әскерінің де қатары сиреп, он бес күн уақыт өтеді. Амалы құрыған қалмақтар баскезге тым-тырақай шегініп жүріпті. Бір кезде Жоржын мен Тайшы Буланты өзенінің жағасындағы биік төбенің басынан майдан даласына қарап тұрып, азғантай қазақтың қалмаққа берідей тиіп жүргеніне таңдай қағады. Осылайша қазақ әскері Сәркенің қалмақ қолымен соғысқанына он жетінші күнге ауады. Кейін Буланты өзеніндегі Сары Төбе «Сәркенің сары төбесі» аталып, ақ тас қойылған екен.

Шайқас кезінде Сәрке батыр соңғы шабуылға өтіп, қалмақтың қалың әскерін жайпай Сары Төбенің басындағы қалмақ бектеріне беттепті. Жете жығылған Сәрке батырды Төбе басында тұрған Жоржынның қаж жүрегінен көк сүңгіні қадап үлгеріпті. Сол мезетте қамыстың артына жасырынған қалмақтың арнайы жасақ мергендері Сәркенің арқа тұсынан атып, өлтіреді. Осылайша тірісінде жауырыны жерге тимеген баһадүр жау атқан жебеден шайқас үстінде Қарақұмның «Сәрке Ақши» деген аймақта мерт болады. Батырдың

денесін бастапқыда Қарақұмға уақытша қойылғанымен, кейіннен табын руының теке аталығынан шыққан Жүзжасар билер мұрдені қазіргі Қорқыт ата қорымына қайта жерлепті. Қазіргі таңда сол қорымда Сәрке батырмен бірге оның ұлы Ағайдар, немересі Байқадам мен шөбересі Сейіл батырлар жерленген.

Орайы келгенде айта кетейік, Сәркенің немересі Байқадам батыр Мәскеу хандығына дейін белді жүрген даңқты бірі батыр болған. Ал Байқадамнан тараған Сейіл батыр мен Бұқарбай батырдың ерлігі мен азаттық жолындағы жойқын жорықтары жөнінде тарихи жазбалар көптеп кездеседі. Баһадүр қаһармандар туралы Жайық Есір-келушының «Сәрке батыр», Мәдібай Байтөреұттың «Байқадам батыр», Жақсылық Адамбаев пен Раушанбек Смағұловтың «Кіелі жерім — Ақсуым» атты тарихи кітаптарында толық баяндалып, кеңінен таныстырылған. Сондай-ақ Камал Бердаулетов, Ахат Жанаев, Арыстанбек Қонысұлының «Азаттық қозғалысы және Сәрке батыр», Майдан Түйіметовтің «Табын Өмірқұл бай» тақырыбындағы мақалаларда қаһарманға қатысты жаңа мәліметтер ұшырасады.

Сонымен шайқастың он жетінші күн дегенде Өмірқұл хан да әскерімен жеткен екен. Алайда Сәрке батырмен майданға кірген әскерден санаулы сарбаз ғана аман қалған екен. Өмірқұл хан жетісімен батырға қарсы келуге батылы жетпей, ту сыртынан оқ атқан қалмақ атауын (Қалмаққырылған) жағға жығып, қынадай қырады. Осы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, атұлы жеңістерге жол ашады. Бұл ұрыс тарих беттерінде «Қалмаққырылған» шайқасы деген атаумен мәңгі қалды. Аталған сұрапыл соғыс отыз алты күнге созылып, қазақтың толық жеңісімен аяқталған екен.

Бір қызық ақпарат, Сәрке баһадүр майданда ерлікпен қаза тапқан сәтте Қарқара апасы Сәркеге бата жасап, төркін жұртына көуіл айта келеді. Сол сапарда Сәркенің Пир Мүсірәлі сыйлаған жасыл туын қайтып қалап алып қайтыпты.

Кейін аңыз-әңгімелерде Қарқара ұлы Барақ батырдың «жасыл тулы» атануының сыры да осында екен. Осы тұрғыда Барақ батыр Сатыпалдының «Барақ» дастанында мынадай жыр жодарын айтады:

«Кіші жүздің ішінде Табын дейді затымды. Сатыпалды баласы Барақ дейді атымды. Шешемнің аты Қарқара Жірмен жауға ақымды. Алты Алашқа белгілі Нағашым Сәрке батыр-ды, — деп өз жұрты мен нағашы өулетінің қадір-қасиеті мен күш-қарымын жеткізген екен.

А.ЖУМАДІЛДА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Елдің ертеңін бүгін ойлау керек

Мемлекет даму үшін қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністері орын алмауы тиіс. Сыбайластықты жоюдың, алдын алудың аясында атқарылған жұмыстар да шек жоқ. Дертті дөңдетпудің барлық амалы жасалуда. Әлі толастаған жоқ. Халық арасындағы өткізілген түсіндірме жұмыстарының, кездесулердің есебіне жете алмаспыз. Тіпті өзгенің иелігіне қол сұққандардың тағдыры туралы видеороликтер індетпен күресу мәселесін сөз еткен кез келген жиында көрсетіліп келеді. Мақсат — қоғамдағы дамуға бастайтын жарқын істерге тосқауыл болмасын деген мәселе.



Қазіргі таңда жемқорлықсыз қоғам құру көптеген мемлекеттердің басты мақсаты. Кедегісіз келешекке нық қадам басу үшін де қоғамда жемқорлық көріністеріне жол берілмеуі керек. Негізгі мемлекет даму үшін қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністері орын алмауы тиіс. Себебі Мәңгілік Ел болуды мұрат еткен мемлекеттің өз алдына қойған мақсаты да айқын болуы тиіс екенін білеміз.

Бұл дертпен күресте қазақстандықтардың бірдей атсалысуы маңызды. Өйткені қоғамдағы екіұдайлы пікір қай кезде де мемлекеттің алға басуына көдергі келтіріп, дамудың басталғанына ілігі алмайды. Сол себепті жер-жерде жемқорлықпен күресу жұмыстары жалғасуда. Сондықтан онымен күрес тоқтаусыз, барынша қатал әрі нәтижелі түрде жүргізілуі тиіс. Ал онымен күрестің тиімділігін арттыру кез келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие. Әсіресе бұл серпінді даму үстіндегі және бәсекеге қабілетті әлем елдерінің қатарына кіруді мақсат етіп отырған біздің еліміз үшін өте маңызды. Сондай-ақ демократиялық мемлекеттердің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізіп, елдің болашағына елеулі қауіп төндірді. Әсіресе келешекте елдің дамуына күш салып, қоғам үшін жұмыс жасайтын, елдің тұтқасын ұстар бүгінгі буынның қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің басым болуына көдергі келтіреді.

Жалпы, мемлекеттің заңнамаларды мейлінше жақсы білуі ер қоғам мүшесінің өз іс-әрекетіне деген сөйімділігін арттырып, бұл қателік түлғалық дамуына, өсуіне мүмкіндік береді. Осы жолда қандайда бір қиырлыққа бармай-ақ жетістікке жетуге болатынына, қоғамға пайдалы азамат ретінде өзін сезінуіне көз жеткізеді. Ең бастысы жұртшылық сыбайластықтың көрінісін байқаса құзырлы орындарға немесе жергілікті басшылыққа хабар беру керектігін білуі тиіс. Әсіресе бұл індеттен мемлекеттік қызметкерлер аулақ болуы тиіс. Мемлекетіміз өркендеп, экономикамыз қаршатап дамысын десек, әрбір отандас қоғам дертімен күресуді өзінің азаматтық парызына айналдыруы керек.

Расымен бұл мәселені шешу жолындағы жұмыстар нәтиже бермесе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды күшейтіп, індеттің шырмауына түсіп қоғамға селкеу түсіргендердің жазасын қатайтуға көшуге болады. Жазалыларды қатаң жазаммен жазалау арқылы біз өзгелерге салғырттық сан соқтыратынын, арамдықтың арты аяду екенін түсіндіре аламыз. Тіптіке бас иген құл болмайтынын түсінген жеке тұлға мұндай балшыққа батыратын істерден бойын аулақ салатыны анық.

Дастан БАХТИЯРОВ,
аудандық қазынашылық басқармасы
басшысының орынбасары

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2023 жылы 3 шілде сағат 10.00-де мына мекен жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Т.Қыстаубаев көшесі № 4 үй. («Ауыл» КС ЖШС ғимаратында)

Күн тәртібі:

1. «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының арыздарына сәйкес ішінара жарғылық капиталын азайту және шығару туралы.
2. Серіктестіктің құрамының өзгеруіне байланысты несиелімітін бөлу туралы.
3. Серіктестік құрылтайшыларының микроаржысы проблемалық қарыздар болғандықтан баланыстан тыс шағару туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс пікірлерінің бар болса 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысы өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы, «Микроаржылық қызмет туралы», Кредиттік серіктестіктер туралы Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабалаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 01064000062

Тағылым



Әке – шаңырақтың тірегі

**Төбесінде бұлт аунар,
Жер бетінде тұр таулар.
Бірақ мына мен үшін,
Бәрінен биік бір тау бар.**

**Кім десе егер сенерің,
Әкем менің дер едім.
Сол биікке күн сайын,
Қарап өсіп келемін,**

деп ақын Қуат Адис жырға қосқандай, қазақ қоғамы әке қадірін таудан да биік санаған.

Иә, «Ата – сая болар бағың болса, әке – асқар тауың» дейді қазақта, сол себепті отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге, отбасы институтын нығайтуға, сондай-ақ әкелер институтын дамытуға ықпал ету мақсатында елімізде Әкелер күні – маусымның үшінші жексенбісі күні аталып өтетін болды.

Осы орайда бүгін «Әке – шаңырақтың тірегі» атты аудандық әкелер кездесуі өтті. Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев бастаған аудан ақсақалдары, білім саласының ардагері, көпбалалы әке Әбілхайыр Ералиев, жас жігіттің өміріне араша болған полиция майоры Ержан Абдрамановтың әкесі Асылхан Абдраманов, ұл-қыздары әлем кубогының жүлдегерлері атанып жүрген Қайрат Әлментай, сондай-ақ ауданның өзге де ер-азаматтары қатысты.

– Әке – баланың тірегі, лүпілдеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы. Әке отбасының асыраушысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Иә, бала мен әке ынтымағы болмаған жерде әке жылуы сезілмейді. Сондықтан ер бала әкесімен

сырлас, жолдас, дос. Ол ерқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. «Бір бала бар – атаға жете туады, бір бала бар – кері кете туады» деген тұжырымға сай баланың қандай болмағына негіз қалайтын әкенің өзі. Сондықтан әлемнің көптеген елдерінде отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасы және ата-ана институтын нығайту үшін аталып өтетін «Әкелер күні» мерекесі елімізде де ресми мереке ретінде белгіленді. Мерекеді алдымен анасын, одан кейін аяулы жары мен қыздарын қадірлей білген отбасында өзінің де қадірі бар ер-азаматтың өмірі – күнде мереке. Бұл сөзіме Бұқар жыраудың «Әкелі бала – жауқұрек, жиын тойға барады, төрден орын алады, бітіреді жұмысын, тастан да өтер жібесі» деген сөзі дәлел деп білемін. Әрине барлық әкелер бірдей дей алмаймын. Қазірде жүзі кеткен пышақ секілді болып бара жатырған әкелерде бар. Үйдегі әйеліне сөзін өткізе алмайтын, әкенің жігерсіздігінен балалары жасқаншақ, қорқақ, қоғамға пайдасы жоқ болып өсіп келеді. Сондықтан бұл күннің, осындай жиындардың жиі ұйымдастырылуы қоғам үшін, отбасы институтының дамуы үшін маңызы зор, – деді Ғани Сүлейменов.

Халқымызда «Әкесі қой баға білмегеннің, баласы қозы баға білмейді», «Баласы жаман болса, әкесін түйе үстінен ит қабар» деген өмір көшімен ілесіп бізге жеткен өз мәнін жоймай, тәрбиелік қуатын өз бойына жинақтаған ұлағатты сөздер көптеп кездеседі. Шыны керек, түрлі кезеңдерде бала тәрбиесіндегі әкенің ролі ер түрлі сипатта көрінеді. Кеңес дәуірінде әкелер өз балаларын қатаң тәртіппен тәрбиелеген. Ал балалары әкелеріне ешқандай қарсы сөз айтпаған, қарсыласпаған, ал егер әкенің пікірімен келіскілері келмесе, бұл үшін жазаланып отырған. Әкенің сөзі заң болған. Әкенің шаңырағын ешкімге саптаған, көздің қарашығындай сақтаған. Әкенің үйі – бұл қасиетті үй.

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» демекші, өңірімізден талай дүлдiл ақын да, спортшы да, 5 саусағынан өнер тамған өнер адамы да, рухты батыр да шыққан. Мәселен бүгінгі күннің батырлары Астанада зәулім үйдің терезесінде ілініп тұрған үш жасар баланы ерлікпен құтқарып қалған Сәбит Шонтақбаев, жақында ғана суға батып бара жатқан студенттің өмірін аман алып қалған полиция майоры Ержан Абдрамановтардың көзсіз ерліктері кейінгі ұрпаққа өнеге, тәрбие десек артық айтқандық емес. Батыр өмірге батыр болып келмейтіні белгілі, оған баланың өскен ортасы, отбасындағы алған тәрбиесі, әсіресе әкенің тәлімі әсер етеді. Міне, осындай батырларды тәрбиелеп өсірген айырыл биігіндегі әкелер де осы форумнан бой көрсетті. Әрине батыр ұлды тәрбиелеген әкенің айтары, берер кеңесі болары хақ.

– «Көре-көре кесем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады, баулыған соң батыр болады» деген қазақта бір мақал бар. Қазақ даласында әсіресе, ер балаларды ерлікке, батырлыққа баулитын әкелер мектебі болған. Әкеге құрмет көрсетуге, қызмет етуге

баланы жасынан анасы үйретіп отырса, мұндай отбасында әрдайым тәртіп, ынтымақ пен бірлік болатыны сөзсіз. Өйткені ұл-қызын намысшылдыққа, елі үшін, қала берді өз бауырлары үшін еңбек етіп, өмір сүруге баулып отыруда әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі, мейірімі мен талап қойғыштығы, еңбекорлығы шешуші маңызға ие болады. Иә, ұлым жақында қызметтік борышын адал орындап, жас баланы тілсіз жаудан құтқарып қалды. Әрине ұлымның ерлігін мақтан өтемің дегенмен Ержан өзінің Отан алдындағы міндетін орындады деп ойлаймын. Видеоны көргенде балам үшін қобалжығаным рас, десе де ерлік жасау үшін тек біреудің өмірін аман алып қалу ғана емес, сенің күнделікті елің, отбасың үшін өткен еңбегің, адалдығың, қамқорлығың, имандылығың, осының барлығы ер адам үшін батырлыққа тең деп айта аламын» – деді батырдың әкесі Асылхан Шайзадаұлы.

Жиында ақсақалдар әкенің қоғамдағы орны, қадір-қасиеті, бала тәрбиелудегі іс-әрекеті, жалпы отбасы құндылықтары туралы тұшымды, ой түйетін ақыл-кеңестерін ортаға салып, өмірде көрген тәжірибелерімен бөлісті.

Бала бойындағы жақсылық-жамандық қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, тегіне тартқан дейді. «Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала» деп ер адам тәрбиесін насихаттайды. Өйткені әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі. Бұрын баласы 14-15 жасқа келгенде атақ мінгізіп, алыстағы аузы дуалы ақсақал қарттарға сәлем беріп кел деп жіберетін дәстүр болған. Бұл арқылы баланы сынап салса, сондай-ақ көпті көрген көнекөз, көңірі қазыналы қарттардың өңгімесіне қанығудың берері мол болған. Яғни тарихта болған жайларды, бабалар ерлігін жырлап,

шежірені тарқата айтатын дана қариялар қазақтың маңдайына біткен кең де дархан даланың қасиетін сезіндіріп, бабалардың ерлігі мен көреген саясатының арқасында оның ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалғанын бала жүрегіне жеткізе білген еді.

Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамында тәрбие алған қазақ баласының өжеге деген құрметі ерекше болатын. Жүзінен мейірім төгіліп тұрмағанмен, қас-қабағынан бәрін түсініп өскен бала әке қаһарынан сескеніп жүретін, түзу жолмен жүруге талпынатын. Міне, әке тәрбиесі деген осы болса керек.

Айта кетейік, кездесуде салықалы ұрпақ тәрбиелеп, отбасының үлгілі тірегі болып жүрген ер азаматтар аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Олардың қатарында үлгілі әке Рүстем Досмағанбетов, ұлы бір спортшы Азияның екі дүркін чемпионы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, бүгінде шәкірттері Азия чемпиондары атанып жүрген Жанат Сейтенов, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қайрат Әлментай, полиция майоры Ержан Абдрамановтың әкесі Асылхан Абдраманов, ұлы ескери қызметкер, аэромобильді әскерлерінің «Үздік батальон сержанты» атанып, Босния Герцеговина мемлекетінде үздік сержант, АҚШ-та әскери курстан өткен, III жеңе II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалдарын иеленіп, бүгінгі таңда АҚШ Сержанттар Академиясының тыңдаушысы атанған Нұрлан Әдітөмовтың әкесі Әбдүллі Әдітөмов, сонымен қатар Астана қаласында қазақ күресінен өткен әлем чемпионатында жастар арасында 60 келі салмақта әлем чемпионы атанған Руслан Теміржанның әкесі Руслан Ермахановтар марапатталды.

Жандос ЖАЗКЕН



Бала денсаулығы басты орында

Аудан халқына сапалы медициналық қызмет көрсетуде Жалағаш аудандық ауруханасы жүйелі жұмыс жасап келеді. Жаңадан бой көтерген нысан қазіргі таңда барлық талаптарға сай, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген және білікті дәрігерлер қатары көбейген. Адам жаны қысылғанда алғашқы болып көмек қолын созатын жандардың еңбегін елеусіз қалдыру мүмкін емес. Сол себепті біз бұған дейін аудандық аурухананың бірнеше бөлімінің жұмыс барысын газет бетінде жариялаған едік. Ал бүгінгі мақаламызда аудандық аурухананың балалар бөлімінің тыныс-тіршілігін тарқатпақпыз.

Бала – өмірдің жалғасы, жаныңның ең нәзік бөлшегі. Бала деп қуанамыз, бала деп мұңаймыз. Қазақ халқы сол асыл перзенттеріне деген ерекше махаббатын «Баламның табанына кірген тікен менің маңдайыма қалдасын» деген бірауыз сөзбен жеткізеді.

Аудандық ауруханаға бас сұққаннан еңсемізді басқан ауырлық көңілімізді жан-жаққа бұрғызбады. Түсінікті ғой, аурухана талай жанның өмірін арпалысатын, қанша адамның жанына батқан аурумен күресетін орын ғой. Біраз жүрген соң барып томаға тұйық

ойымызды балалардың дауысы бөлім жіберді. Сөйтсек, балалар бөліміне де келіп қалыппыз. Сонымен тілшілік міндетімізді ұмытпай, бөлімнің дәрігері Назира Алтаеваға жолықтық. Алғашқы сауалымызды бөлімнің тыныс-тіршілігінен бастауын сұраған бізге

Н.Алтаева балалар бөлімінде тәуліктік 17 тесек орын 5 күндігі тесек орын бар екенін айтты.

Дәрігердің сөзінше, 17 тесек орынның 15-і балалар соматикасы, 5 тесек балалар неврологиясы. Бөлімшеде жалпы штат бірлігі 14, оның ішінде дәрігер 1, аға медбике 1, кезекші мейірбикелер 6, кіші аяжан 4, шаруа бикесі 1, санитар-буфетші 1. Жұмыс жасайтын қызметкерлер саны 18. Балалар бөлімінде барлығы 8 палата бар. 1 палата интенсивті науқастарға арналған. Интенсивті палата орталықтандырылған оттегімен жабдықталған бөлме. Айта кетейік, балалар бөлімінің дәрігері Назира Нағашыбайқызының жалпы еңбек өтілі 30 жылдан асыпты. Жоғары білікті дәрігер қызмет барысында жинаған тәжірибесін өзінен кейінгі мамандармен бөлісуді әдетке айналдырған. Бөлімдегі ақ халатты абзал жандардың барлығы біліктілігін арттырған, сондай-ақ бала ауырып түскенде көрсетілетін ең алғашқы көмекті талап-ережелерін жетік меңгерген екен. Бұл тұрғыда арнайы оқытылғанын да айта кетті дәрігер Назира Алтаева.

Мұнан соң бөлім дәрігері көп кідірместен «палаталардағы балалардың жай-күйін білуім керек» деп сұхбатты сонан соң жалғастыра алатынын жеткізді. Иә, адам өмірі, оның ішінде балалардың денсаулығы бүкіл қоғам үшін бірінші орында. Біз де дәрігердің жұмысына кедергі келтірмейік деген ниетпен палаталардағы балалардың жағдайын көруге асықтық. Дәрігер барлық палатаны аралап шықты. Әрине, оңай емес екенін айта кету керек. Балалар ауырып тұр, оның үстіне егілетін інеден қорқатыны тағы бар. Әңгіме арасында бөлімнің жұмысынан хабар беріп отырған Назира Нағашыбайқызы соңғы жылдары балалардың ауырып ауруханаға түсуі көбейіп кеткенін жасырмады. Көбіне бөлімшеге маусымдық аурулардың өршу кезінде балалар арасында пневмония, жоғарғы тыныс жолдарының қабынуы ауруларымен науқастар ем алады. Сонымен қатар аллергиялық дерматит, нәсеп, зәр шығару жолдарының қабыну аурулары диагноздарымен де жиі түсетін көрінеді.

Жалпы, балалар бөлімі бойынша осы жылдың 5 айында ем қабылдап шыққан науқастар саны 367. Оның ішінде жоспарлы түскені 91 болса, бұл көрсеткіш өткен жылдың есепті

көзөнімнен салыстырғанда 80-ді құрайды. Ал шұғыл түскені 276 науқас, өткен жылы 194 науқас тіркелген. Биылғы жыл басынан бері қайтыс болған жағдай тіркелмеген, ал өткен жылдың осы кезеңінде 1 бала өмірінен қолтасқан. Балалар бөлімшесінің жұмысымен танысқан біз мұндағы ақ халатты абзал жандардың біліктілігін байқадық. Олардың әрбірі тынымсыз қауырт жұмысымен жүрді. Бірі палаталардағы балаларды қарайласа, бірі ем-дом шараларын жасап жатты. Тіпті бөлім дәрігерінің өзі өлсін-өлсін балалардың өкесін тыңдап, олардың аналарына дәрігерлік кеңесін айтумен болды. Мөлдір әлемнің көйпекерлері – балғын балалық шақтың нағыз шынайы бұлдіршіндері мұнда мейірімнен кенде еместігіне және көзіміз жетті. Дәрігердің әр баламен балаша сөйлесуі, жылы сөздері мен шипалы алаңаны еріксіз жаныңды жадыратып, көңіліңді демдейді. Бөлімнің жұмысына риза болған әріптесім екеуім осындағы балалардың өрбіріннің құлпантаса айығып, отбасына оралуына тілекші болдық. Балалар ауырмасын, аналар ауырмасын дейміз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ



Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркелініп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 956